



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жануарлар

ПАРАТУБЕРКУЛЕЗДІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Животные

МЕТОДЫ ЛАБОРАТОРНОЙ ДИАГНОСТИКИ ПАРАТУБЕРКУЛЕЗА

ҚР СТ 3504-2019

(Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals, NEQ)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**



Нұр-Сұлтан

БИН: 230640017171. Заказ №F-174211102023 от 11.10.2023. Пользователь: ТОО "ТОО ОУМРВЕТ"

СТ РК 3504-2019 выдан РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жануарлар

ПАРАТУБЕРКУЛЕЗДІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ

ҚР СТ 3504-2019

(Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals, NEQ)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан



Алғысөз

1 «Elit Art» ЖШС ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 457-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт «Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals» (Жануарлар. Паратуберкулезді зертханалық диагностикалау әдістері) Халықаралық эпизоотикалық бюро нұсқауын есепке алып әзірленген.

Сәйкестік дәрежесі – балама емес (NEQ).

Ағылшын тілінен (en) аударылған.

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI, «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңдарының ережелері іске асырылған.

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды



Кіріспе

Паратуберкулез (Ионе ауруы) - *Mycobacterium avium* subsp. *paratuberculosis* (MAP) тудырған күйіс қайыратын жануарлардың созылмалы энтериті. Паратуберкулез көбіне күйіс қайыратын үй жануарларында (сиырлар, қойлар, ешкілер, түйелер және буйволдар), сондай-ақ жабайы күйіс қайыратын жануарларда (бұғы) кездеседі және кеңінен таралған. Сондай-ақ ауру жылқылар, шошқалар, қояндар, ақкістер, түлкілер және аққалақтар арасында да тіркелген. Табиғи жағдайларда ірі қара малдың ауруы контаминацияланған сыртқы ортадан MAP-тың организмге түсуі кезінде таралады. MAP сәйкестендіру оның микобактинге деген қажеттілігіне және оның клиникалық белгілермен және өсіру және ПТР нәтижелері сияқты белгілі бір зертханалық деректермен байланысына негізделген. Паратуберкулездің клиникалық белгілері баяу үдемелі әлсіреу және диарея болып табылады, ол ең алдымен үзік-үзік сипатта болады да, біртіндеп ірі қара малда тұрақты болғанша одан әрі ауырлай түседі. Ерте зақымданулар аш ішектің қабырғаларында және шажырқайлық лимфа түйіндерінде пайда болады және инфекция осы сатысында осы учаскелермен шектеледі. Аурудың өршуіне байланысты ірі зақымданулар мықын ішекте, аш ішекте, аш ішектің терминалды бөлігінде, соқыр ішекте және тоқ ішекте, сондай-ақ шажырқайлық лимфа түйіндерінде пайда болады. MAP зақымдану ошақтарында және нәтижесінде бүкіл денеде болады. Ішектің зақымдануы ақуыздың кемуіне және ақуыздың мальабсорбция синдромына жауапты, олар бұлшықеттің әлсіреуіне алып келеді. Клиникалық белгілері әдетте алғаш рет жас кезінде пайда болады, бірақ ауру 1-2 жастан асқан кез келген жастағы жануарларда пайда болуы мүмкін, ал сүтті малда көбіне 3-5 жас тобында байқалады.

БИН: 230640017171. Заказ №F-174211102023 от 11.10.2023. Пользователь: ТОО "ТОО ОУМРВЕТ"

СТ РК 3504-2019 выдан РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**Жануарлар****ПАРАТУБЕРКУЛЕЗДІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ**

Енгізілген күні 2020-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт паратуберкулездің зертханалық диагностикасы бойынша әдістемелік нұсқауларды анықтайды:

- бактериологиялық әдіс;
- вирусологиялық әдістер (гамма-интерферон, баяу типті гиперсезімталдық (тері сынамасы));
- гистологиялық әдіс;
- ПТР әдісі;
- серологиялық әдістер (ИФА, РСК, РИД).

2 Қысқарған сөздер**Микромоль; мкМ****Микролитр; мкл****Моль; М****Миллиграмм; мг****Нитроцеллюлозды мембрана; НЦМ****Полимеразды тізбекті реакция; ПТР****Имуноферменттік талдау; ИФА****Комплиментті байланыстыру реакциясы; РСК****Агар геліндегі иммунодиффузия реакциясы; РИД****3 Жалпы ережелер**

3.1 Паратуберкулезді диагностикалау өсіріндіде қоздырғышты бөліп алу және оны реакциялардың бірінде сәйкестендіру болып табылады.

3.2. Паратуберкулезге диагнозды зерттеу нәтижелерінің, эпизоотологиялық және клиникалық деректердің, сондай-ақ патологоанатомиялық өзгерістердің негізінде қояды.

4 Сынамаларды іріктеу және дайындау

Бактериоскопиялық зерттеу үшін тірі жануарлардан кемінде 10 см³ нәжіс пен тік ішектің шырышты қабығының қыртыстары алынады.

Өлген немесе сойылған малдардан кем дегенде үш-бес түрлі ішек, екі-төрт бүріккіш лимфа түйіндері, жапсарлас лимфа түйіндері бар илеоцекальды жапқыштың бір бөлігі алынады. Патологиялық материалды іріктеу кезінде, ең алдымен, ішектің қалындауы, шырышты қабықтың қатпарлығы мен үлкейген лимфа түйіндерін алады.

Патологиялық материалдың сынамалары (ішек кесінділері, лимфа түйіндері) культуралдық зерттеу жүргізу үшін мұздатылады немесе глицериннің 30% стерильді ерітіндісімен консервілейді.

Ішектің кесінділерін және лимфа түйіндерін пергаментті қағаздан немесе банкадан жасалған әр түрлі стерильді пакеттерге салады.



ҚР СТ 3504-2019

Ішек кесіндісін гистологиялық зерттеу үшін және лимфа түйіндері формалиннің 10% ерітіндісінде белгіленеді.

Серологиялық зерттеу үшін 5 см³-тен 10 см³-ге дейінгі жыныс тамырынан стерильді пробиркаларға қан алады немесе жануарды сою кезінде алынған қанды пайдаланады.

Іріктелген қан сынамаларынан сарысуды тұндыру әдісімен алады. Қанды ұйыту және сарысуды тұндыру үшін қан бар пробиркалар 20°-ден 30° С-қа дейінгі температурада 30-60 мин, ал одан кейін 4°-ден 10°С-қа дейінгі температурада ұсталады.

Сарысуды карбол қышқылының 5% ерітіндісімен (1 см³ сарысуға 1-2 тамшы) немесе құрғақ бор қышқылымен (сарысудың көлеміне 2% қышқыл) консервілеуге рұқсат етіледі.

Консервіленген сарысулар сынама алынған күннен бастап 6 тәулік ішінде зерттеуге жарамды, консервіленген сарысулар консервіленген күннен бастап 30 тәулік ішінде, оның бастапқы түрі сақталған жағдайда жарамды.

5 Диагностикалау әдістері

Жекелеген клиникалық күдікті жануарда паратуберкулездің болуын диагностикалау үшін бірқатар зертханалық сынақтар қолданылуы мүмкін, оның ішінде: нәжіс жағындылары, нәжіс пен тіндерден алынған өсірінділер, нәжіс немесе тіндерді пайдалана отырып ДНК-зондтар, серология, жануарлардың өлекселерін ашу және гистология.

1-кесте – Паратуберкулезді диагностикалауға арналған сынақ әдістері және олардың мақсаттары

Әдіс	Мақсаты					
	Инфекциядан бос популяция	Орын ауыстыру алдында инфекциядан бос жеке жануарлар	Жою кезінде жәрдемдесу	Клиникалық жағдайларды растау	Инфекцияның таралуы - бақылау	Вакцинациядан кейін жеке жануарлардың немесе популяциялардың иммундық мәртебесі
Агентті сәйкестендіру						
Гистопатология*	+	-	+	+++	-	-
Циль-Нильсон бойынша нәжісті бояу	-	-	-	+	-	-
Өсірінді	+++	+++	+	+++	+	-
ПТР	+	+	+	++	+	-
Иммундық жауапты анықтау						
РИД**	++	-	+	+	+++	+++
ИФТ	++	+	+	+	+++	+++
РСК	-	+	+	+	+	+++
γ –интерферонның босатылуын талдау	-	-	+	-	-	+++
ГЧЗГ	-	-	+	-	-	+++
+++ = ұсынылатын әдіс; ++ = қолайлы әдіс;						

+ = кейбір жағдайларда пайдаланылуы мүмкін, бірақ құны, сенімділігі немесе басқа да факторлар оның қолданылуын айтарлықтай шектейді;
- = бұл мақсатқа сәйкес келмейді;
* = тек өлгеннен кейін пайдалану;
* * = қойлар мен ешкілерде пайдалануға сәйкес келеді.
ПТР = полимеразды тізбекті реакция;
РИД = агар геліндегі иммунодиффузия;
РСК = комплементті бекітуге арналған тест;
ИФТ = иммуноферменттік талдау;
ГЧЗТ = баяу типтегі гиперсезімталдылық

6 Агентті сәйкестендіру

6.1 Жануарлардың өлекселерін ашу

Паратуберкулезді ішекті қалыңдау белгілерінің болуына беттік зерттеу кезінде диагностикалауға болмайды. Ішек шырышты қабықты бөліп алу үшін он екі елі ішектен тік ішекке дейін бөлінуі тиіс. Әрдайым клиникалық белгілердің айқындылығы мен ішектің зақымдану дәрежесі арасында тығыз корреляция жоқ. Ішектің шырышты қабығы, әсіресе мықын ішектің терминалды бөлігі патогенді қалыңдауға және қатпарлануға тексеріледі. Ерте зақымданулар ішекті жарыққа ұстағанда көрініп тұрады, ол кезде жеке түйіртпектерді көруге болады. Шырышты қабықтың гиперемиясы, эрозиялар және нүктелік қан құйылулар паратуберкулезбен ауыратын бұғыларда байқалады. Барынша ерте зақымданулар - лимфа түйіндерінің қалыңдауы мен тығыздалуы. Шажырқайлық лимфа түйіндері әдетте ұлғаяды және ісінеді. Шажырқайлық лимфа түйіндерінің іртікті және/немесе кальцийленген зақымданулары көбіне ешкілерде және аз мөлшерде қойларда байқалады. Зақымданған шырышты қабықтың және лимфа түйіндерінің кесілген беттерінің жағындылары Циль-Нильсен әдісі бойынша боялады және МАР морфологиялық сипаттамасы бар қышқылға төзімді организмдердің болуын микроскопиялық зерттейді. Дегенмен, қышқылға төзімді организмдер барлық жағдайда болмайды. Осылайша, диагноз кейіннен гистологиялық зерттеу үшін ішек қабырғасы мен шажырқайлық лимфа түйіндерінің көптеген сынамаларын фиксаторға (10%-дық физиологиялық ерітінді) жинау арқылы расталады. Гематоксилинмен және эозинмен боялған кесінділерді де, Циль-Нильсенмен боялған кесінділерді де зерттеу керек. Паратуберкулездің типтік зақымданулары ішектің шырышты қабығының, шырышасты қабығының, пейер түйіндіктерінің және шажырқайлық лимфа түйіндері қабатының эпителиоидты жасушалар ретінде белгілі ірі макрофагтармен және әдетте, бірақ әрдайым емес ұйықтар немесе бірлі-жарым орналасқан қышқылға төзімді бациллалар анықталатын көп ядролы алып жасушалармен инфильтрациядан тұрады.

6.2 Бактериология (микроскопия)

Цил-Нильсен әдісімен боялған нәжістің немесе ішектің шырышты қабығының жағындыларын микроскопиялық зерттейді. Егер ұсақ (0,5-1,5 ПМ), қатты қышқылға төзімді микобактериялардың жиналуы (үш немесе одан көп организмдер) анықталған болса, паратуберкулездің болжамды диагнозы қойылуы мүмкін. Бірлі-жарым қышқылға төзімді микобактериялардың болуы түйірлер болмаған жағдайда дәлелсіз нәтижені көрсетеді. Бұл тесттің кемшілігі оның басқа микобактериялардың түрлері арасында сараланбауы болып табылады және жағдайлардың аз ғана үлесі нәжістің бір сынамасын микроскопиялық зерттеу кезінде расталуы мүмкін.

6.3 Бактериология (себу)

6.3.1 Жануардан МАР бөлінуі организмнің ауру жұқтыруының түпкілікті диагнозын қамтамасыз етеді. Себу – жалған оң нәтиже бермейтін жалғыз тест (100% ерекшелігі). Дегенмен, ықтимал көшіру құбылысына байланысты ластанған үй-жайларда инфекцияланбаған жануарлар нәжісінен өсірінділерді тестілеу жалған оң реакцияларға әкелуі теориялық түрде мүмкін болады.

Нәжісті себу тірі жануарларда (зақымданған жануарларда) паратуберкулезді диагностикалаудың алтын стандарты болып саналады. Шын мәнінде, нәжістің микроскопиясы аурудың соңғы сатыларында жануарлардың көпшілігін анықтауға қабілетті, бірақ инфекцияның бастапқы сатыларындағы бірнеше жануарларды ғана сәйкестендіреді, жағдайларға сәйкес нәжіс өсіріндісінің сезімталдылығы зақымданған ірі қара мал үшін 70%, инфекциялық ірі қара мал үшін 74% және инфекцияланған ірі қара мал үшін 23-29%-ды құрайды. МАР үшін ірі қара малдың, қой мен ешкі тіндерінің өсіріндісі гистопатологиялық зерттеуге қарағанда анағұрлым сезімтал.

Себудің бірнеше әдістері бар, олар ортаға және сынама дайындау хаттамаларына байланысты ерекшеленеді. МАР өсіруді әрдайым J микобактериямен толықтырылған арнайы орталарды пайдалану арқылы жүргізеді.

МАР нәжіс пен ішек тіндерінің сынамаларындағы басқа бактериялар немесе зендер санынан едәуір асып түседі. Мұндай сынамалардан МАР-тың сәтті бөлінуі осы жағымсыз организмдердің тиімді белсенуіне байланысты. Зарарсыздандырудың оңтайлы әдісі МАР-тың өсуіне барынша тежеуші әрекет етуі тиіс. Қатерсіздендірудің стандартты хаттамаларының сынамалардан бөлінген МАР организмдерінің санын тиісінше нәжіс пен тіндер үшін шамамен $2,7 \log_{10}$ және $3,1 \log_{10}$ -ға азайтатыны көрсетілген.

Сынамаларды қатерсіздендірудің екі негізгі әдісі бар: зарарсыздандыру үшін қымыздық қышқылын және NaOH, өсу үшін Левенштейн-Йенсен ортасын пайдалану әдісі және зарарсыздандыру үшін жұмыртқа сарысы Херолдас немесе Мидлбрук 7Н10 сияқты қатты орталармен немесе Мидлбрук 7h9 сияқты сұйық орталармен үйлесімде гексадецилпиридиний хлоридін пайдалану әдісі. 7h10 ортасының артықшылығы – ол Херольдс сарыуызымен салыстырғанда қой штамдарының өсуін жақсы қолдайтындығы. Сұйық орталар қой, сондай-ақ бұқа штамдарына арналған қатты орталарға қарағанда анағұрлым сезімтал.

Қатты орталардағы МАР алғашқы колониялары инокуляциядан кейін 5 аптадан 6 айға дейін кез келген уақытта пайда болуы мүмкін. Ерекше ашық сары пигменттелген типтерін қоса алғанда, қой штамдары НЕУМ немесе LJ сияқты әдеттегі пайдаланылатын орталардағы ірі қара малдың штамдарына қарағанда жақсы өседі және бастапқы өсірінділер ұзақ инкубациялаусыз теріс ретінде тасталмауы тиіс. Жұмыртқа сарысы мен микобактерия қосылған Мидлбрук 7h10 қатты ортасы МАР қой штамдарын өсіруге жақсы үйлеседі.

Ірі қара малдағы Херольдс МАР штамының алғашқы колониялары өте ұсақ, дөңес (жартылай шар тәрізді), жұмсақ, мукоидты емес және бастапқыда түссіз және жартылай мөлдір. Колонияның өлшемі бастапқыда нүктелі. Олар 0,25-1 мм шегінде қалуы мүмкін және әдетте колониялар көлбеу қоректік ортада көп болған кезде олар азаяды. Колониялардың шеттері дөңгелек және тегіс, ал олардың беттері тегіс және жылтыр. Колониялар инкубациялануына қарай үлкен, анағұрлым дөңес, мөлдір емес, кремді ақ немесе ашық сарғыш түсте болады. Бұрынғы оқшауланған колониялар 2 мм жетуі мүмкін. Колониялардың морфологиясы жасына қарай тегістен кедір-бұдырға және жартылай сфералықтан бүртік тәріздіге дейін өзгереді.

Түрлендірілген ортада ірі қара мал штамының 7Н10 колониялары Херольдске қарағанда, әсіресе ескі өсірінділерде дөңестігі аз. Олар диаметрінде шамамен 1 мм дейін

тарылған және ашық қоңыр түсті, тек ортаға қарағанда сәл ғана ашық. Херольдстегі ірі қара мал штамдарының колонияларымен салыстырғанда оларды 7h10-да табу қиын. Түрлендірілген 7h10 қой штамының колониялары дөңес, жұмсақ, ылғалды, жылтыр, сұрғылт ақшылдан ашық қоңыр түске дейін және орта түсіне өте ұқсас. Колониялар, әдетте, нүктелер арасында және 0,5 мм болады, бірақ 1 мм-ге және егер бірнеше колониялар көлбеу қоректік ортада кездессе, кейде 1,5 мм-ге жетуі мүмкін.

Сапрофитті микобактериялар кез келген ортада ұқсас болуы мүмкін, бірақ көбіне 5-7 күннен кейін көрінеді.

МАР сәйкестендіру үшін микобактинге тәуелділікті көрсету үшін микобактинмен бір ортада және онсыз күмәнді колониялардың шағын инокуляттарын субкультивациялау қажет. Микобактин организмнің жасушалық қабырғасында болады және ауыр инокулятта микобактин жоқ ортада МАР-тың өсуін қолдау үшін жеткілікті микобактин болуы мүмкін. Бұдан басқа, МАР изоляттарын сәйкестендіруді растау үшін ПТР (таргетинг ИС 900 немесе F57) растауын пайдалану керек.

6.3.2 Орта

Қолайлы ортаға мысалдар мыналар:

а) Микобактинмен Херрольд жұмыртқа сарысы ортасы

1 литр ортаға: 9 г. пептон; 4,5 г. натрий хлориді; 2,7 г. ет сығындысы; 27 мл глицерин; 4,1 г. натрий пируваты; 15,3 г. агар; 2 мг микобактин; 870 мл. тазартылған су; алты жұмыртқа сарысы (120 мл.); және 5,1 мл. 2% малахит жасыл су ерітіндісі қажет. Алғашқы алты ингредиент өлшенеді және тазартылған суда қыздыру кезінде ерітіледі. 4% NaOH ерітіндісін пайдаланып 6.9-7.0 дейін сұйық ортаның рН-ы реттеледі және 7.2 – 7.3 қатты фазаның рН-ын қамтамасыз ету үшін 4 мл этил спиртінде ерітілген микобактин қосылады. 121°C-та 25 минут бойы автоклавтайды. 56°C-қа дейін суытылады және

асептикалық түрде алты стерильді сарысы¹ мен малахит жасыл стерильді ерітіндісі қосылады. Мұқият араластырылып, стерильді тығындарға бөлінеді. 50 мг. хлорамфеникол, 100 000 ЕД пенициллин және 50 мг амфотерицин қосуға жол беріледі.

б) Дубос түрлендірілген ортасы

1 литр ортаға: 2,5 г. казамин қышқылы; 0,3 г. аспарагин; 2,5. сусыз динатрийгидрофосфат; 1 г. калий дигидрофосфаты; 1,5 г. натрий цитраты; 0,6 г. магний кристалды сульфаты; 25 мл. глицерин; 50 мл 1% Твин 80 (Полисорбат 80) ерітіндісі; және 15 г. агар қажет. Әрбір тұзды барынша аз қыздырылған тазартылған суда еріту және 800 мл дейін жеткізу керек. Микобактинді 0,05% спирт ерітіндісіне қосады (2 мг-ды 4 мл. этил спиртінде ерітеді), ортаны 100°C дейін еркін булаумен қыздырады, содан кейін 115°C-та автоклавтаумен 15 минут бойы стерильдейді. Су моншасында 56°C-қа дейін салқындатады, антибиотиктер (100 000 ЕД пенициллин; 50 мг. хлорамфеникол; және 50 мг. амфотерицин В) және сарысу (200 мл. бұқа сарысуын, Seitz «ЕХ» төсемі арқылы стерильденген және 56°C-та 1 сағат бойы жылумен белсендірілген) қосады. Орта мұқият араластырылады, содан кейін стерильді шыны түтіктерге құйылады. Бұл ортаның артықшылығы оның мөлдірлігі болып табылады, бұл колониялардың ерте анықталуын жеңілдетеді.

в) Түрлендірілген Миддлбрук 7Н10 және 7Н9

г) Микобактинмен немесе онсыз Левенштейн-Йенсен ортасы

¹ Антибиотик алмаған құстардан алынған 2 күннен аспаған жаңа жұмыртқаларды пайдаланыңыз. Щетканың көмегімен жұмыртқаны жуғыш затпен сумен жуыңыз. Сумен шайып, жұмыртқаны 70° спиртке 30 минут салыңыз. Екі стерильді сүлгінің арасына салыңыз. Егеуқұйрық тісіне арналған стерильді қысқыштармен жұмыртқа қабығының бір шетін шамамен 10 мм тесік жасап жарыңыз және жұмыртқа ақуызын қысқышпен және гравитациямен алып тастаңыз. Тесікті үлкейтіңіз және сарысын ұсақтаңыз. Жұмыртқа сарысын қысқышты айналдырып араластырыңыз және сары қабын алып тастаңыз. Араластырылған жұмыртқа сарысын ортаға құйыңыз.



ҚР СТ 3504-2019

6.3.2 Сынамаларды дайындау

а) Тіндердің сынамаларын өңдеу

Химиялық консерванттарды пайдалануға жол берілмейді. Тіндер -70°C -та мұздатылуы мүмкін. Ластануды болдырмау үшін нәжіс массалары зертханаға жіберер алдында ішек жолдарының бөліктерінен жуылады.

1) Тіндерді зарарсыздандыру үшін ыдырату/тұндыру әдісі

Мықынбүйен қақпақшасының шамамен 4 г. шырышты қабығын немесе 4 г. шажырқай түйінін араластыру үшін ішінде 50 мл трипсин (2,5%) бар стерильді ыдысқа салады. Қоспаны 4% NaOH және рН қағаздың көмегімен бейтараптыққа жеткізеді және магниттік араластырғышта бөлме температурасында 30 минут бойы араластырады. Пісірілген қоспаны дәкемен сүзеді. Сүзіндіні 30 минут бойы шамамен 2000-3000 г кезінде центрифугалайды. Шөгінді үсті сұйықтығы төгіледі және тастайды. Шөгінді 0,75% НРС-да 20 мл-да ресуспензияланады және бөлме температурасында 18 сағат бойы қозғалмай қалдырылады. Шыны түтіктің түбіне шөгетін бөлшектер инокулят ретінде пайдаланылады және шөгінді үсті сұйықтығын бұзбай тамшуырмен алынады. Балама ретінде 5% қымыздық қышқылымен өңдеу сияқты басқа да зарарсыздандыру әдістерін қолдануға болады.

2) Тіндерді зарарсыздандыру үшін екі рет инкубациялау тәсілі

Шамамен 2 г. тіннің (кесілген майдың) сынамасын скальпельдің стерильді жүзімен немесе қайшымен ұсақтап кеседі және гомогенизаторда 1 минут бойы 25 мл. 0,75% НРС-да гомогенизациялайды. Сынаманы көбік шашырап, тіннің анағұрлым үлкен бөліктері тұнатындай етіп тұндырады. Тіннің гомогенаты майды немесе тіннің ірі бөліктерін тасымалдауды болдырмау үшін центрифугалық шыны түтікке құйылады. 30 минут бойы тұндырады, содан кейін шөгінді үстінен сәл жоғары 10 мл. суспензия көлемі 30 мл шыны түтікке алынады және 37°C -та 3 сағат бойы инкубацияланады. 900 г кезінде 30 минут бойы центрифугалайды, шөгінді үсті сұйықтығын алып тастайды және 1 мл-ден ванкомицин, амфотерицин, налидикс қышқылы бар антибиотиктердің 1 мл. қоспасында түйіршіктер ресуспензияланады. Суспензия ортаның инокуляциясы үшін қолданылады.

3) Қоректік ортаның инокуляциясы және инкубация

Шамамен 0,1 мл. инокулят ішінде микобактин бар Геррольд ортасының үш қиғашының әрқайсысына және микобактинсіз Геррольд ортасының бір кесіндісіне көшіріледі. Инокулят қиғаш бетіне біркелкі бөлінеді. Шыны түтіктерді 37°C -та 1 аптаға жуық мерзімге әлсіз бұралған қақпақтарымен көлбеу күйінде қалдырады. Шыны түтіктер бос ылғал көлбеу учаскелерден буланған кезде тік күйге қайтарылады. Қақпақтарын бұрайды және түтіктерді 37°C -та инкубаторға себеттерге салады.

Херрольд ортасындағы жұмыртқа инокуляттағы қалдық НРС бактерицидтік белсенділігін бейтараптандыру үшін фосфолипидтердің жеткілікті үлесін қосады. Басқа тасығыштарда (түрлендірілген Дубос және Миддлброк ортасы) бұл қасиеттер жоқ. Сынаманы қатерсіздендіру үшін басқа да өңдеу әдістері қолданылуы мүмкін, мысалы, 5% мөлшерде қымыздық қышқылы.

НРС зендер контаминациясының өсуіне кедергі жасауға тиімді болмайды. Амфотерицин В (фунгизон) инокуляцияланған ортада зендердің өсуін тиімді бақылайды. Фунгизон 50 мкг мл. ортаның соңғы концентрациясында Геррольд ортасына қосылуы мүмкін. Зеңге қарсы белсенділіктің жоғалуына байланысты құрамында фунгизон бар Геррольд ортасын сақтау 4°C -та 1 аймен шектелуі тиіс.

Қиғаштарды кемінде 4 ай бойы инкубациялайды және алтыншы аптадан бастап апта сайын бақылайды.

б) Нәжіс сынамасын өңдеу

Химиялық консервант пайдаланылмайды. Нәжіс сынамасын -70°C -та мұздатуға болады.

1) Суспензия және нәжісті зарарсыздандыру

1 г нәжіс ішінде 20 мл. стерильді тазартылған су бар көлемі 50 мл шыны түтікке тасымалданады. Қоспаны бөлме температурасында 30 минут бойы шайқайды. Анағұрлым ірі бөлшектері 30 минут ішінде тұнады. Нәжіс суспензиясының ең жоғарғы 5 мл ішінде 20 мл 0,95% НРС бар көлемі 50 мл шыны түтікке тасымалдайды. Шыны түтіктің біркелкі таралуын қамтамасыз ету үшін оны бірнеше рет айналдырады және бөлме температурасында 18 сағат бойы тұндыруға қалдырады.

2) Қоректік орталардың инокуляциясы

0,1 мл бұзылмаған шөгіндіні Герролд ортасының төрт қиғашының әрқайсысына, үшеуі микобактинмен және біреуі микобактинсіз тасымалдайды. Жағынды шөгіндіден жасалуы және Циль-Нильсен әдісімен боялуы мүмкін.

3) Еңістерді инкубациялау және қадағалау

Тіндердің үлгілеріне арналғанмен бірдей.

7 Серологиялық зерттеулер

Ірі қара малдың паратуберкулезі үшін пайдаланылатын серологиялық тесттер комплементті байланыстыру реакциясы (РСК), иммуноферментті талдау (ИФТ) және агар гелінің иммунодиффузиясы (РИД) болып табылады.

Әр түрлі әдістерде және ИФТ түрлерінде жеткізілетін тест-жүйелердің тест-жүйенің сериясына байланысты жаңартылып, өндірушілермен толықтырылуына байланысты кейбір параметрлер мен процедуралар өзгеруі мүмкін.

7.1 Иммуноферменттік талдау

ИФТ қазіргі уақытта малдағы МАР-қа сарысу антиденелеріне арналған ең сезімтал және спецификалық тест. Оның сезімталдығын клиникалық жағдайлардағы РСК-мен салыстыруға болады, бірақ субклиникалық инфекцияланған тасымалдаушылардағы РСК-ға қарағанда артығырақ. ИФТ спецификалылығы *M. phlei* сарысуларын сіңіру есебінен арттырылады.

ИФТ қатты ортада нәжіс өсіріндісін жұқтырған ретінде сәйкестендірілген ірі қара малдың 30-40%-ға жуығын анықтайды. Өсіру әдістері сияқты ИФТ сезімталдығы нәжісте МАР бөліну деңгейіне және жануарлардың жасына байланысты.

Сіңірілген ИФТ сіңіру сатысының қосымша спецификасы бар ИФТ сезімталдығын камтиды. Тестілеуге жататын сарысуларды тікелей емес ИФТ-да тестілеу басталмас бұрын еритін *M. phlei* антигені буферге қосады. Бұл рәсім спецификалық емес қарама-қарсы әсер ететін антиденелерді жояды.

Микротитр пластиналарының форматы бар, онда МАР антигені 96-ұяшықты пластиналарға жағылады. Сынамалар қарама-қарсы әсер ететін антиденелерді жою үшін құрамында *M. phlei* бар сынамалар еріткішінде араластырылады. Сұйылтылған сынамаларды жабылған ұяшықта инкубациялау кезінде МАР-қа тән антидене жабылған антигендер кешенін түзеді. Ұяшықтардан байланыспаған материалдарды жуғаннан кейін ақжелкек пероксидазасын – таңбаланған бұқаға қарсы иммуноглобулин қосады. Бұл қатты фазалы антигенмен байланысқан иммуноглобулиндермен әрекеттеседі. Субстрат трансформациясының жылдамдығы байланысқан иммуноглобулиннің санына пропорционал. Спектрофотометриялық (пайдаланылатын хромогенге сәйкес келетін толқын ұзындығында) өлшенген кейінгі түс зерттелетін сынамада болатын антиденелер санына пропорционал.

ҚР СТ 3504-2019

7.2 Комплементті байланыстыру реакциялары

7.2.1 РСК ірі қара мал үшін қолданылатын стандартты тест болып табылады. КБР клиникалық күдікті жануарларда жақсы жұмыс істейді, бірақ оны бақылау мақсатында жалпы популяцияда пайдалануға мүмкіндік беру үшін жеткілікті ерекшелігі жоқ.

7.2.2 Аппаратура, материалдар, реактивтер

- Микротитрационные планшеты (96-ұяшықты)
- Көп арналы мөлшерлеуіштер, бір арналы мөлшерлеуіштер, стерильді пластикалық ұштықтар

- Жасушаларды өсіруге арналған орта жасуша жолдарының паспортына сәйкес

- CO₂-инкубатор (37° C)

- *Mycobacterium avium* D9 не болмаса штамм *M. paratuberculosis* 316F

- Қой эритроциттер, 2,5 %,

- Гемолизин

- Кальций-магний верональді буферу

- Зертханалық үйірткі

7.2.3 Сынақ рәсімі

а) Антиген липид (*M. paratuberculosis* 316F штамы) алынып тасталған микобактерияның сулы сығындысы болып табылады. Сондай-ақ *Mycobacterium avium* D9 пайдалануға болады.

б) Барлық сарысуларды 60°С-та 30 минут бойы су моншасында белсендіреді және 1/4, 1/8 және 1/16 араластырылады. Оң бақылау сарысуы және теріс бақылау сарысуы әрбір пластинаға енгізілуі тиіс. Сондай-ақ мынадай бақылау құралдары дайындалады: антигендік бақылау, комплементті бақылау және гемолиздік жүйені бақылау.

в) Қалпына келтірілген, леофилизацияланған комплементті антигенге қарсы титрлеумен есептелгендей құрамында алты есе N₅₀ (гемолиздің 50%-дық дозасы) болуы үшін араластырады.

г) Қойлардың эритроциттері, 2,5%, N₁₀₀ гемолизиннің 2 бірлігімен сенсibiliзацияланады.

д) Барлық ерітінділер мен реагенттер кальций-магний верональды буферде дайындалады, әр реагенттің 25 мл-і 96-ұяшықты түбі дөңгелек микротитрлеу пластиналарында пайдаланылады.

е) Бастапқы инкубация түні бойы 4°С-та және екінші инкубация 30 минут бойы 37°С-та.

ж) Нәтижелерді оқу және түсіндіру: Пластиналарды тұндыру немесе центрифугалау үшін қалдыруға және былайша оқуға болады: 4+ = 100% бекіту, 3+ = 75% бекіту, 2+ = 50% бекіту, 1+ = 25% бекіту және 0 = толық гемолиз. Тест-сарысулардың титрі 50% бекітуді беретін сарысудың барынша сұйылтылуына кері шама ретінде анықталады. 2+ реакциясы 1/8-ге оң болып саналады. Нәтижелер клиникалық белгілерге және басқа да зертханалық деректерге сәйкес түсіндірілуі тиіс.

7.2.3 Комплементті макрометодпен байланыстыру реакциясын қою (екінші нұсқа)

7.2.3.1 Аппаратура, материалдар, реактивтер

- Флоринский сынауықтары

- Су моншасы

Сыналатын тесіктерді антигенмен 1:5 және 1:10 және антигенсіз 1:5 араластырылып зерттейді.

Реакцияны үш сынауыққа қою кезінде бірінші болып 0,4 мл физиологиялық ерітінді құйылады және 0,1 мл сыналатын сарысулар қосылады (1:5 араластыру). Бірінші

пробиркадан 0,2 мл екінші пробиркаға және 0,1 мл – үшінші пробиркаға ауыстырылады, содан кейін 0,1 мл физиологиялық ерітінді қосылады (1:10 араластыру).

Сұйылтылған сарысуларды инактивациялау 30 минут мал түріне байланысты температура өзгереді. Инактивациялаудан кейін 2,3 қатарға 0,2 мл антиген және комплементтің барлық пробиркаларына 0,2 мл-ден енгізеді. Инактивация уақыты өткеннен кейін 0,4 мл гемолитикалық жүйе енгізіледі. 37° - ден 38°C температурада 20 минут инактивацияға су моншасына қойылады. Реакцияны есепке алу су моншасынан штативтерді алып шыққаннан кейін бірінші оқу - визуалды, екінші оқу 3-4 сағаттан кейін, эритроциттер оң сарысуымен бақылау сынамаларында сынауықтың түбіне немесе келесі күні отырғызылған кезде жүргізіледі.

7.3 Агар геліндегі иммунодиффузия реакциясы

РИД клиникалық күдікті ірі қара мал, қой және ешкінің ауруын растау үшін пайдалы.

Қолданылатын антиген жасушалық фракциялаудың гидравликалық пресінде жасушаларды бұзу арқылы алынған *M. avium* 18 (формальды түрде *M. paratuberculosis* 18) зертханалық штамының тазартылмаған протоплазмалық сығындысы болып табылады. Бұзылған жасушалар жасушалық қабырғаның қалдықтарын жою үшін 40 000 г-да 2 сағат бойы үйірткіленеді, ал шөгінді үсті сұйықтығын ұстап, лиофилизациялайды. Бұл антигенді 10 мг/мл концентрациясында суда араластырады.

Агарозды 0,75% агарозаның соңғы концентрациясын ала отырып, құрамында натрий азиді бар, рН 8,6 барбитальды буферде ерітеді. Агарозаны Петри шыныаяғына немесе заттық шыныға құюға болады. Ұяшықтар алты бұрышты схемада кесілген. Ұяшықтардың диаметрі 4 мм, қашықтығы 4 мм, ал агардың тереңдігі 3-4 мм болуы тиіс. антиген орталық ұяшықтарға қосылады. Тестіленетін, оң және теріс бақылау сарысулары балама перифериялық ұяшықтарға қосылады.

Пластиналар бөлме температурасында ылғалды камерада инкубацияланады. Гельдерді тұндыру сызығында 24 және 48 сағат инкубациялаудан кейін зерттейді. 48 сағатқа дейін немесе одан кейін оң бақылау сарысуымен бірдей бір немесе одан да айқын анықталған тұндыру сызықтарының пайда болуы оң тест нәтижесі болып табылады. Қандай да бір шөгінді сызығының болмауы тесттің теріс нәтижесі ретінде тіркеледі. Спецификалық емес желілер болуы мүмкін.

Әдістің бірнеше нұсқасы пайдаланылады.

8 Жасушалық-жанама иммунитетке сынау

8.1 Жүйелік жасушалық-жанама жауапты анықтау антиденелер өнімін анықтаудың алдында болады. Ең аз инфекцияланған жануарлар көбіне серологиялық тестілеуге жауап бермейді, бірақ жасушалық-жанама иммунитетті (ЖЖИ) өлшейтін тесттерге оң жауап беруі мүмкін. Инфекцияланған популяцияларда жануарлардың анағұрлым көп саны антиденелерге арналған тесттермен салыстырғанда ЖЖИ-ге арналған тесттерге жауап береді деп күтіледі, себебі ЖЖИ әсер етуді көрсетеді, ал антиденелер инфекцияның прогресін көрсетеді.

8.2 Гамма-интерферонның босатылуын талдау

Талдау гамма-интерферонның сенсбилизацияланған лимфоциттерден 18-36-сағаттық инкубациялық кезең ішінде спецификалық антигенмен ([PPD] құс туберкулинінің тазартылған ақуыз туындысы, бұқа туберкулинінің PPD немесе



ҚР СТ 3504-2019

джонинмен) босап шығуына негізделген. Бұқа гамма-интерферонын сандық анықтау бұқа гамма-интерферонды екі моноклонды антидене пайдаланылатын сэндвич-ИФТ көмегімен жүзеге асырылады. Ірі қара малдың туберкулезін диагностикалау үшін гамма-интерферонды анықтауға негізделген коммерциялық диагностикалық тест әзірленген. Әдіс және қажетті сынақ материалдары коммерциялық жиынтыққа қоса берілетін нұсқаулықтарда толық сипатталған.

8.2 Баяу типтегі асқын сезімталдылық

Баяу типтегі асқын сезімталдылыққа арналған тері тесті (ГЗТ) жасушалық иммунитеттің өлшемі болып табылады, бірақ маңызы шектеулі. Тест қырқылған немесе қырылған жерге, әдетте мойынның ортаңғы үштен бір бөлігі жағынан антигеннің 0,1 мл тері ішіне инокуляция жолымен жүргізіледі.

Терінің қалыңдығы штангенциркульдің көмегімен егуден кейін 72 сағат бұрын және одан кейін өлшенеді. Тері қалыңдығының 2 мм астам ұлғаюын ГЗТ-ның болуын көрсету ретінде қарастыру керек. Бұғыларда оң реакциялардың дискретті шектеулі ісіктер түрінде емес, диффузды түйіртпек түрінде болуы мүмкін екенін атап өткен жөн, бұл тестті оқуды қиындатады. Осы түрде кез келген ісінудің болуын оң нәтиже ретінде қарастыру керек. Алайда *M. avium* кешеніне сенсбилизация жануарлар арасында кең таралған және құс туберкулині де, джонин де жоғары спецификалық болып табылмайды. Бұдан басқа тері тесттерінің нәтижелерін түсіндіру критерийлеріне қатысты келісімнің болмауымен күрделене түседі.

ӘОЖ 636.2

МСЖ 65.020.30 (NEQ)

Түйін сөздер: паратуберкулез, Джон ауруы, зертханалық әдістер, сынақ хаттамасы, агентті сәйкестендіру, серологиялық тест.



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Животные

МЕТОДЫ ЛАБОРАТОРНОЙ ДИАГНОСТИКИ ПАРАТУБЕРКУЛЕЗА

СТ РК 3504-2019

(Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals, NEQ)

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Нур-Султан



Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН ТОО «Elit Art»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан от 11 декабря 2019 г. № 457-од.

3 Настоящий стандарт разработан с учетом Руководство Международного эпизоотического бюро «Manual of Diagnostic Tests and Vaccines for Terrestrial Animals» (Животные. Методы лабораторной диагностики паратуберкулеза глава 3.1.15)

Степень соответствия – неэквивалентная (NEQ).

Перевод с английского языка - (en).

4 В настоящем стандарте реализованы положения Законов Республики Казахстан: «О стандартизации» от 5 октября 2018 года № 183-VI, «О ветеринарии» от 10 июля 2002 года № 339.

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном каталоге «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок - в периодически издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в периодически издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты».

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан.



Введение

